

# АЛАТАУ

## Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№20 (134) 1 мамыр 2026 жыл

1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІ

### БЕРЕКЕМІЗ АРТЫП, БІРЛІГІМІЗ МЫЗҒЫМАСЫН!

**Құрметті Алматы облысының ардагерлері, қадірлі жерлестер!**

Баршанызды достығымыз бен татулығымызды, бейбітшілігіміз бен мызғымас тұрақтылығымызды білдіретін мереке - 1 Мамыр Қазақстан халқы бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн-өзара достық, даму мен бейбітшілік жолын таңдаған халқымыздың даналығының жарқын символы. Біздің көкбайрағымыз бен төлқұжатымыз барлығымызды Қазақстан деп аталатын ұлан-ғайыр елдің азаматтары ретінде бір шаңырақтың астында біріктіріп тұр.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық біздің ең маңызды байлығымыз болғандықтан бұл жетістікті бағалап, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету - әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Бірлік пен келісімнің маңыздылығын толық ұғыну - еліміздің үйлесімді әрі орнықты дамуының негізгі факторы.

Халқымыздың «Ырыс алды - ынтымақ» деген қанатты сөзінің астарында үлкен мән-мағына бар. Бірлік, достық және өзара сыйластық болған кезде ғана кең байтақ ортақ отанымыз қазақ елі - мол байлық пен бақ - берекеге кенелетіні сөзсіз. Ел бір-

лігі, достық пен бауырмалдық, бейбіт күннің, татулықтың темірқазығындай ең басты құндылық бекем бірлік біздің баға жетпес байлығымыз болып табылады.

Біз елімізде тұратын барлық ұлт өкілдерінің мәдениеті мен әдет-ғұрпына құрметпен қараймыз және бұл біздің негізіміз бен күшіміз екені сөзсіз. Біз-бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолына жұмылған қуатты елміз.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық - біздің ең жоғары байлығымыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету - әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Туған жердің төсінде, бейбіт елдің ішінде ел бірлігін сақтауға атсалысайық!

Осынау айтулы мереке күні баршаныздың отбасыларыңызға амандық, зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, молшылық, бақ-береке, сәттілік тілеймін!

**Құрметпен,  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,  
Алматы облыстық  
Ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

## Президенттің қатысуымен телекөпір өтті

Өткен сенбіде Алматы облысында Қазақстан Республикасының Президенті бастама-сымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында ауқымды экологиялық іс-шара ұйымдастырылды. Күннің басты оқиғасы Қонаев қаласында Бердібек Соқпақбаев атындағы Орталық саябақ аумағында, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен телекөпір болды.



Тікелей эфир барысында еліміздің өңірлеріндегі экологиялық даму, көгалдандыру және абаттандыру, экологиялық күн тәртібін іске асыру, жануарларға қамқорлық көрсету, сондай-ақ азаматтарды тазалық мәдениеті мен қоршаған ортаға ұқыпты қарауға баулу мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Адал азамат» қағидаттары біртұтас құндылықтар жүйесін құрайды және қоғамдық өмірде берік орнығуы тиіс. Бұл бастамаларды кеңінен насихаттауға таны-мал және беделді азаматтарды белсенді тарту қажет. Ал осы идеяның негізгі насихатшылары-жастар. Экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастыру маңызды. Тазалықтың тірегі тәрбие екенін, балаларды экологиялық мәдениетке мектеп жасынан баулу қажеттігін, сондықтан мұндай акцияларға студенттер мен оқушылардың белсене қатысқаны жөн екенін айта

келе, Оқу-ағарту министрлігіне «Жасыл сабақтар» жобасын қабылдауды тапсырды. Президент еңбекқорлық, ұқыптылық, адалдық, жасампаздық құндылықтары фильм мен сериалдар арқылы насихатталу жұмысында БАҚ пен әлеуметтік жүйенің мүмкіндігін дұрыс қолдану керегіне баршаның назарын аударды.

Республикалық іс-шараға Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, мемлекеттік органдар өкілдері, мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері, үкіметтік емес ұйымдар мен этномәдени орталықтарының мүшелері, жастар ұйымдары, бизнес өкілдері және облыс тұрғындары қатысты. Телекөпірді тамашалағаннан кейін акцияға қатысушылар ағаш отырғызу жұмыстарына кірісіп, саябақ аумағына 100 түп жас көшет екті.

Бүгінгі телекөпірде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» бағдарламасын ұлттық стратегия деп айтып кетті. Биыл облыста осымен жетінші мәрте сенбілік өткізіліп отыр. Аталған тазалық шараларында 200 мыңдай адам қатысты. 2 мың тоннадан астам қоқыс шығарылып, 60 мыңға жуық көшет егілді. Бүгін өтіп жатқан сенбілікте шамамен 40 мың адам қатысып, 300 гектар аумақ тазартылып, 19 мыңдай ағаш отырғызылады. Мұндай шара апта сайын жалғаса береді,-деді өз сөзінде Марат Елеусізұлы.

Қонаев қаласында да ауқымды сенбілік жалғасын тауып, «Алматы-Өскемен» тасжолы бойында санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Әсемтас» пен «Жұлдыз» шағынаудандары арасында, әскери бөлімдер аумағында қосымша 1000 түп ағаш отырғызылды.

Заңғар АЛТАЙ.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### Акция аясында

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясын қолдау мақсатында аудан орталығы Шонжы ауылында Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқандарға арналған ескерткіш алаңын тазалау, сондай - ақ Әлмерек баба мен Жарты баба саябақтарында ағаш отырғызу, тазалау жұмыстары жүргізілді. Осы шараға аудандық ардагерлер ұйымы мен «Асыл ана», «Алатау жастары» ұйымдарының мүшелері де белсене қатысты. Тазалық - ол денсаулық кепілі және сол ауылдың тұрғындарын танытатын бірден бір кепілдік.

### Аға буын мен жастар

Ұйғыр ауданы Шонжы ауылындағы Аль-Фараби атындағы аудандық кітапхананың жанындағы алаңда аудандық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Жастар тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты ұрпақ тәрбиесіне қатысты шара өтті.

Шара барысында Райымбек ауданы бойынша Шекара басқармасы бастығының орынбасары, тәрбие, идеологиялық және кадрлар жұмыстары бөлімінің бастығы, подполковник Мұратбек Іскендір, ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бастығы Асылбек Әділханов, бөлім қызметкері Жазира Өсербаева, ауданның наиб имамы Данияр Рақышев, Алматы облысының оқуағарту және бюджеттік қызметкерлері кәсіподағы қоғамдық бірлестігі аудандық филиалының төрағасы Қожағұл Кәрібай сөз сөйлеп, жастар тәрбиесіне байланысты өз ойларын айтты. Кездесуді аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейтов жүргізіп отырды. Төраға шараның ашық алаңда өтуіне байланысты барлық қатысушыларды еркін диалогқа шақырды және «Жастар тәрбиесі» мәңгілік тақырып екенін, бүгінгі жас буынның келешекте алған білімі мен жақсы тәрбиелері ауданның, жалпы еліміздің болашағы екенін атап өтті. Сол сияқты С.Қапаров, Н.Байсеркеева, Р.Сартолова сынды ардагерлер өз өмір жолдарынан шараға қатысушыларға мағлұмат бере отырып, бұл кездесудің маңыздылығын атап өтті. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға ардагерлер жауап қайтарды. Аудандық кітапхана тарапынан тәрбие мәселесіне байланысты қойылған кітап көрмесі де шараға қатысушылардың ойынан шықты.

Өз тілшіміз.

### Ұрпақтар сабақтастығы

Іле аудандық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Боралдай кентіндегі №16194 әскери бөлімде «Жастар тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты шара өтті.

Күн тәртібіне жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және ұрпақ сабақтастығын нығайту, әскери бөлімнің тыныс-тіршілігімен танысу мәселелері қойылды. Іле ауданы және Алатау қаласының біріктірілген қорғаныс істері бөлімі бастығы Қайрат Исаев әскери борышты өтеудің маңызы мен ел қорғаушылардың мәртебесі туралы баяндады. Нұрлан Амангелдіұлы мен Жаңыл Жұмагелдіқызы ардагерлер атынан ақыл-кеңестерін айтып, ұлттық тәрбие мен әскери тәртіптің ұштасуы туралы ой бөлісті. Темірғали Серік жастар ұйымының жұмысы мен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру мәселелерін қозғады. Бораш Қуандықұлы КСРО Қарулы күштердің ардагері ретінде өз тәжірибесімен бөлісіп, сарбаздарға жігер берді.

Жиын барысында әскери қызметшілер мен қонақтар арасында еркін форматта сұрақ - жауап өтті. Сарбаздар өз пікірлерін білдіріп, көкейкесті сауалдарына жауап алды.

Бөлім командирі Нұржан Жұмәділұлы қатысушыларды әскери бөлімнің тыныс - тіршілігімен таныстырып, сарбаздардың жатын орындарын, тамақтану асханасын және жауынгерлік жағдайларын көрсетті. Шара соңында А.Токпанов ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Мәліс Жәмілов жиынға қатысушыларға және ел тыныштығын күзеткен сарбаздарға ақ батасын берді.

Өз тілшімізден.

### Құрмет көрсету форумы

Шелек ауылындағы Абай атындағы мектепте 2005-2012 жылдары осы оқу орнын бітірген түлектер қауымдастығының ұйымдастыруымен ұстаздармен кездесу, құрмет көрсету форумы өтті.

Онда түлектер әр жылдары өздеріне дәріс беріп, тәлім - тәрбие негіздерін жүректеріне құйған ұстаздарымен кездесіп, әңгімелесіп, ризашылық сезімдерін білдірді. Сонымен қатар ескерткіштер күніне байланысты қазақтың ұлы ойшылы, хакім Абай ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Түлектердің ұйымдастыруымен оқушы жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спортты дамыту және оған деген қызығушылықты арттыру мақсатында әр жылғы түлектерден құралған командалар арасында футболдан жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаздарға кубоктар табыс-талды.

Осынау салтанатта ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Әбілбек Айтқынов бата беріп, жиналғандарға ақ тілегін жолдады. Сол сияқты ардагер ұстаз Ардақ Мұхамеджанова, түлектер сөйлеп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, ынтымақты күшейтіп, мұндай тәрбиелік маңызы зор шараны жалғастыра беретінін айтты. Түлектер бұл күндері халық шаруашылығының әр саласында жемісті қызмет жасап жүр. Олар ұстаздарына, білім берген мектебіне деген құрметін білдіріп, оқу орнына 12 қанатты су жаңа киіз үйін сыйға тартты.

Сонымен қатар Шелек ауылында ардагерлердің қатысуымен Ұлы Абай ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімі өтті. Ескерткішке гүл шоғын қоюға ауыл ақсақалы Ә.Айтқынов, ардагер ұстаз Р.Қағазбаев бастаған ардагерлер қатысты. Салтанат соңынан Шелек ауылындағы Абай орта мектебінің жанындағы спорт алаңының айналасын жасыл желекке бөлеу үшін жас ағаштардың көшеттері отырғызылды.

Өз тілшіміз.  
Еңбекшіқазақ ауданы.

● АҚЦИЯ

«Таза Қазақстан»-бұл жалпы ұлттық экологиялық және әлеуметтік бастама. Оның мақсаты-қоршаған ортаны қорғау, азаматтардың экологиялық жауапкершілігін арттыру және таза өмір салтын қалыптастыру.

**Бастама-басты назарда**



«Таза Қазақстан» бастамасы тек қоқысты жинау немесе көше тазалығымен шектелмейді. Бұл қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, азаматтардың сана мен ой тазалығын сақтау, отансүйіштігі пен ұлттық құндылықтарды дәріптеу сияқты кең ауқымды мақсаттарды көздейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр азаматтың өзінен бастау керектігін атап, бұл бастаманы жалпы ұлттық міндет ретінде қарастырады.

«Таза Қазақстан»-бұл жастар мен отбасы тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, жауапкершілік пен тәртіпке үйретуге бағытталған бастама. Мемлекет басшысы атап өткендей, әрбір үйден басталатын тазалық пен тәртіп қоғамның жалпы мәдениеті мен болашағына әсер етеді. Жастардың белсенді қатысуы арқылы экологиялық сананы қалыптастыру, табиғатты аялау және отансүйіштікті қасиеттерді дамыту көзделген.

«Таза Қазақстан» – бұл экологиялық, әлеуметтік және идеологиялық кешенді бастама, ол азаматтардың күнделікті өмірінде тазалық пен тәртіпті қалыптастыруға, қор-

шаған ортаны қорғауға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Бұл жобаның табысы қоғамның әрбір мүшесінің белсенді қатысуына байланысты және ол Қазақстанның тұрақты дамуы мен жасыл болашағын қамтамасыз етуге үлес қосады.

«Елімізді абаттандыру және көгалдандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл-бір реттік науқан емес, жалпы ұлттық міндет. Мұндай жұмыс үнемі жүргізілуі керек. Біз Қазақстанға қамқорлық жасауымыз керек. Бұл өмір салтына айналуы тиіс. Бүкіл Қазақстан таза болуы керек, бұл бізге және жастарға байланысты»-деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған орай Райымбек ауданында әр сенбі күндері «Таза Қазақстан» жалпы ұлттық экологиялық акциясы аясында тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Аудан тұрғындары тазалық жұмыстарына бел шеше кірісуде. Бастама-басты назарда. Туған жердің тазалығы мен сұлулығы бәрімізге ортақ болғандықтан оның тазалығы да көпшіліктің қолында.

Дастан ҚАСЕНҰЛЫ.

● ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ

Өткен сенбіде Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Жастар тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты 35-ші гвардиялық десанттық шабуылдау әскерлері бригадасында жас сарбаздармен кездесу болып өтті.

Аталған іс-шараның басты мақсаты әскери ортада салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру және отансүйіштікке баулу болып табылды.

35-гвардиялық десанттық шабуылдаушы бригада қазақстандық десантшылардың ең ірі және беделді бөлімшесі саналады. Кездесуге келген ардагерлер алдымен әскери бригаданың мұражайына саяхат жасап, сарбаздардың жаттығу орындарымен және әскери қызметкерлердің күнделікті тұрмыс-тіршіліктерімен танысты.

Саптық алаңда өткен кездесуде ҚРҚК ДШӨ тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары-басқарма бастығы, полковник Раджан Жанысов, 35-ші гвардиялық десанттық шабуылдау әскерлерінің командирі, гвардия полковнигі Бейбіт Аманкелдиев бөлімше сарбаздарының әскери жаттығу дайындықтарымен таныстырды.

-Десанттық-шабуылдау әскерлерінде қызмет ету қашан да беделді болған, солай болып қала бермек. Сондықтан мұнда іріктеу өте мұқият жүргізілетіндіктен қатарымызға жаңадан қосылып жатқан жас сарбаздар сіздерді мен спортта шыңдалған, психологиялық тұрғыдан мықтылар қатарында болуға қай-қайсыларың да лайықтысыңдар деп есептеймін. Бүгін өздеріңмен 50-55 жыл бұрын әскер қатарында болып, Отан алдындағы азаматтық борыштарын абыроймен атқарған аталарыңмен жүздесудің сәті келіп тұр,-деді 35-ші гвардиялық десанттық шабуылдау әскер-

**БЕДЕЛДІ БРИГАДА ҚҰРАМЫМЕН КЕЗДЕСТІ**



лерінің командирі, гвардия полковнигі Бейбіт Бүркітбайұлы маңызды шараның мақсатымен таныстырып.

Одан кейін сөз алған Алматы қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаменті қызметінің бастығы, ҚРҚК ардагері Ербол Игісінов қазіргі уақытта әскерлердің жауынгерлік дайындық жүйесіндегі кейбір тәсілдер қайта қарастырылып жатқандықтан, десантшы жауынгерлердің дайындығы мен жауынгерлік шеберлігінің жоғары деңгейі оқу-жаттығулар барысында сына-

Тойшыбаев, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстаннан Антарктидаға тұңғыш рет экспедициямен барған метеоролог Сансызбай Мәдібеков, ардагер-журналист, Қонаев қаласы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы Зарыққан Әбілқасымұлы өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісе отырып, әскери міндеттерін жаңадан бастап жатқан жас сарбаздарды Отанның жігерлі де шыныққан азаматтары болуға шақырып, азаматтық борыштарын абыроймен атқарып, отбасылары-



латындығына тоқталып өтті.

Қонаев қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары, Алматы облысының құрметті ардагері, Қонаев қаласы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы Ізтілеу

на аман-есен оралуларына тілектестіктерін білдірді.

**Мұратбай НАҒМЕТОВ,**  
**Қапшағай желілік теміржолшы ардагерлер ұйымының төрағасы.**

● МЕКТЕП ӨМІРІ

**Батыр-елдің қорғаны**

Қазіргі таңда көпке сыйлы, құрметті ардагермен немесе жазушы-ақынмен кездесу айтарлықтай оңай емес. Елін, жерін қорғауға немесе қоғамға ұзақ жылдар адал қызмет етуге үлес қосқан құрметті адаммен сұхбаттасу-екінің біріне бұйыра бермейтін бақыт! Бұл тұлғалар-ерлік пен төзімділіктің үлгісі болып, кейінгі ұрпаққа патриотизм мен жауапкершіліктің маңызын көрсететін ерекше жандар. Дәл осындай тұлғалардың бірі ҚР-ның Халық қаһарманы, қоғам және мемлекет қайраткері, генерал-полковник Тоқпақбаев Сәт Бесімбайұлы және оның жұбайы жазушы-ақын Сәуле апамызбен № 12 орта мектебімізде таяуда кездесу өткізілді.

Кездесуді ұйымдастыру ісінде Жаңадәуірдегі Ақсақалдар алқасының төрағасы Бекмұратов Асылхан аға, ауыл ақсақалы Ақшораев Ленат ата, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі бастауыш ұйымының төрайымы, еңбек ардагері, Жаңадәуірде алғаш мұражай ашқан, ардагер ұстаз Ақбала Күреңкеева апамыз бастамашы болды. Кездесуге мектеп директоры Жайсембаева Шынар бастаған ұстаздар мен оқушылар, ауыл тұрғындары қатысты. Осындай, тәуелсіз Қазақстанның тарихын жасаған асыл да біртуар жандармен бетпе-бет кездесіп, ол кісілерден сұхбат алу мәртебесі маған да бұйырды.

Кездесу барысында Сәт аға өзінің өмір жолы мен қызметтегі жетістіктері жайлы кеңінен әңгімелеп, ел дамуына қосқан үлесі жайында, осы лауазымды қызметке қалай қол жеткізгені туралы әсерлі естеліктерімен бөлісті. Ол кісі Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдарындағы қиындықтар мен сол кезеңдегі қабылданған маңызды шешімдер туралы айтып кетті. Әсіресе, еліміздің алғашқы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бірге қызмет атқарған жылдарын ерекше ықыласпен еске алды.

Сәт ағаның айтуынша, ол кезең ел тарихындағы ең жауапты әрі маңызды кезеңдердің бірі болатын.



Жүргізілген маңызды реформалар еліміздің ары қарайғы дамуы мен гүлденуіне зор әсерін тигізген екен. Бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың да саясатын құптап, референдум нәтижесінде ҚР Конституциясының қабылдануымен халықты құттықтап өтті. Кездесу барысында ардагер ағамыз жастарға арнап өз ақыл-кеңестерімен де бөлісті. Ол білімнің, еңбекқорлықтың және Отанға деген сүйіспеншіліктің, елге адал қызмет етудің маңыздылығын ерекше атап өтті. «Ел болашағы - жастардың қолында» деген сөздің жай ғана ұран емес, үлкен жауапкершілік екенін түсіндірді. Оның әрбір айтқан сөзі өмірлік тәжірибеден туған, терең мағыналы ойларға толы болды. Ал, Сәуле апай болса,

өзінің шығармашылық жолы туралы айтып, әдебиеттің адам өміріндегі рөліне тоқталды. Ол кісі қазақ ауыз әдебиетінің бай мұрасын қазіргі заманмен ұштастыра отырып, шығармалар жазудың қыр-сырымен бөлісті. Әсіресе, көркемдегіш құралдарды орынды қолдану, тілдің тазалығы мен сөздің әсерлілігі жайында нақты мысалдар келтірді. Сәуле апай жастарға кітап оқудың маңыздылығын айтып түсіндірді. Оның айтуынша, кітап - адамның ой-өрісін кеңейтетін, рухани байытатын ең үлкен құрал. Ол өз шығармаларында халық даналығын, салт-дәстүрді, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тырысатынын жеткізді. Қадірлі қонақтар мектебіміздің кітапханасын қолдарынан шыққан өз кітаптарымен толықтырды. Кездесу барысында оқушылар тарапынан да көптеген сұрақтар қойылды. Қонақтар әр сұраққа байыппен, жан-жақты жауап беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті, кездесу соңында «жастар сендер бізден де жоғары жетістікке жетіндер, білімге ұмтылыңдар, еліміз бен жеріміз үшін пайдалы азамат болыңдар»,- деп бағасын берді. Бұл кездесу жастар үшін үлкен жігер мен рухани серпіліс сыйлады. Біз үшін ерекше әсері мен тағылымы мол болды. Сәт аға мен Сәуле апайдың өмір жолы, аламын елге сіңірген еңбегі мен шығармашылық жетістіктері - біз үшін үлкен үлгі. Осындай тұлғалармен жүздесу әрбір жасқа ой салып, болашаққа деген көзқарасын қалыптастырады деп ойлаймын.

**Мөлдір МЕДЕТБЕКОВА,**  
**№12 орта мектептің**  
**10 сынып оқушысы.**  
Алатау қаласы.

● МЕРЕЙТОЙ

**Журналистика тарланына құрмет**

**Кереге таулы Кеген ауданында рухани-мәдени, әдеби іс-шаралардың жібі үзілмей жалғасуда. Сәуірдің басында Қарқарада бауырым, ақын Асанқадырдың мерейтойлық жыр кеші өткен еді.**

Өткен апта ішінде үш күн бойы журналист, жазушы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қазақстанның мәдениет қайраткері Нұрғожаев Жақыпжан ағаның 80 жасқа толуына орай “Жаны жайсаң Жақыпжан” атты мерейтойлық кеші өтті.

Сәуірдің себелеп жауған жаңбырына қарамастан аудандық Мәдениет үйінің алдынан қонақтардың көңілін өсіретіндей әдемі арка жасап, фозсіне кеш иесінің өмір жолдарынан сыр шертетін картиналар қойып, видеокөрсетілім ұсыныпты.

Кешке келген қонақтардан ине шаншар орын болмады. Қазақ журналистикасының қариялары мен қоғам қайраткерлері, тума-туыстары, тұрғындар өте көп жиналды.

Қазақы дәстүрмен алдынан шашу шашып, зор құрметпен қарсы алған Жақыпжан ағанының иығына шапан жабылды. Ақсақал бата берді. Келесі кезекте Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев аудан жұртшылығы атынан құттықтап, сүлікқараны сыйға тартып, елі қолтықтап еріне қондырды.

Салтанатты жиында қаламгерді құттықтаушылар ел руханиятына қосқан өлшеусіз еңбегін айрықша атап, мерейлі жасымен құттықтады.

Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Әнуар Мұхтарханұлы облыс әкімі Марат Елеусізұлының ыстық ықыласын жеткізіп, жазушының шығар-

машылық жолына жоғары баға берді.

Мерейтойлық кеште Жақыпжан Мұсабекұлына «Қазақстанның құрметті жазушысы» төсбелгісі табысталды. Сондай-ақ, қаламгердің жеті томдық таңдамалы туындыларының тұсауы кесіліп, оқырман қауымына ұсынылды.

Шығармашылық кештің шымылдығын ашқан “Кеген” халық театры әртістерінің жазушының «Кең дүние, есігінді аш, мен келемін» атты Мұқағали Мақатаев туралы естеліктер жинағынан үзінді келтіруі көрермен көңілін тұщытты.

Ыстық ықылас, жылы лебіздер соңы Қазақстанның халық әртісі Рамазан Стамғазы мен «Үшқоңыр» фольклорлық ансамблінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Туған жер төсін дүбірлеткен қорытынды шараға дейін аудандық спорт кешенінде Жақыпжан ағаның мерейтойына орай, арнайы турнир ұйымдастырылса, Қарқара ауылындағы әскери заставада жауынгерлермен тағылымды кездесу өткен. Сондай-ақ Ө.Жаңабаев атындағы орта мектепте жазушы, журналист Ж.Нұрғожаев атындағы арнайы кабинеттің ашылуы да қаламгерге көрсетілген зор құрметтің белгісі дер едік!

Журналистиканың дамуына сүйелі үлес қосып, қазақ руханиятының қоржынын тоғайтқан қаламгердің тәлімін алып, қияға қанат қаққан шәкірттерінің бірі екенімді әркез мақтан етемін. Шығармашылық белесте де, өмірде де қамқор бола білген әрі өзі туып-өскен Қарқараның Тасбұлағында дүние есігін ашқан асқар тау ағамыздың дені сау, жасының жүзге жетуіне, тіпті, асуына тілектеспіз!

**Ұлбосын ИСАБЕК.**  
Кеген ауданы.

● АБДОЛЛА ҚАРСАҚБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА -100 ЖЫЛ

Жамбыл ауданы Жаңақұрылыс ауылындағы «Абдолла Қарсақбаев» атындағы орта мектепте қазақ кино өнерінің тарланы, атақты кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты мәдени кеш жоғары деңгейде атап өтілді.

Мерекелік іс-шарамыз ұрпақтар сабақтастығын паш еткен мағыналы да мазмұнды оқиғаларға толы болды. Іс-шара екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімінде кештің құрметті қонақтары мектеп ауласындағы Абдолла Қарсақбаев аллеясына ағаш егіп, өздерінің естелік сыйлықтарын табыстады.

Екінші бөлімде өнерлі оқушыларымыз күмбірлете күй тартып, келген меймандарды сән-салтанатпен қарсы алды. Балалардың тың ізденістеріне толы ғылыми-зерттеу жұмыстары көрсетіліп, мектебіміздегі Абдолла Қарсақбаев музейі таңыстырылды.

Туғаның өмірі мен шығарма-

## Мәдени- танымдық кеш



шылығына арналған әсерлі театрландырылған көрініс сахналанды. Кеш соңы керемет концерттік бағдарлама мен мектеп хорының әсем әніне ұласты. Кешіміздің қадірлі қонақтары іс-шараның ұйымдастырылу деңгейіне, оқушыларымыздың өнері мен ізденісіне өте жоғары баға беріп, ақ тілектерін арнады. Кешке қатысқан Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, аудандық Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Тәңірберген

Қасымқынұлы, Жамбыл ауылының қадірлі ақсақалы, батагөйі Алқожа Максатов, Үңгіртас және Ақсеңгір ауылдық округінің ардагерлер ұйымы және Аналар кеңесінің төрайымдары Күлшар Асылбекова, Майра Азибекова оқушылардың ізденісі мен шығармашылық еңбектеріне ризашылықтарын білдірді. Бұл шын мәнінде мәдени-танымдық кеш болды.

Өз тілшіміз.

● ҚАРТ ЕҢБЕГІН ҚАДЫР ТҮТ!

### РАҚЫМХАН ҚАРАҚАШЕВ:

# Менің пірім - қажырым мен қайратым

Қоғамдық өміріміздің өткені мен бүгінге көз жіберіп қарасақ, аналарымыздың асыл қазынасы болып табылатын ақ жаулықты аналарымыз бен ақсақалды аталарымыздың алар орны айырықша екені айтпаса да түсінікті. Екі ғасырдан да еншісін алып, белдері бүгілмей, барға қанағат, жокқа салауат айтып жүрген оларды біз көненің көздері деп ардақтауды әрқашан да алдыңғы қатарға қоямыз. Оларға деген ұрпақ парызы осындай.

91 жастағы Рақымхан Молдабекұлының таңмен таласа тұратындығы бала жасынан жаратылысында бар қасиеті екенін өзі жиі айтады. Бүгін де солай. Кезін тырнап ашқаннан кейін, суық сумен жақсылап шайынып алады да, сыртқа шыға берістегі қақпаның екі жағындағы өмірлік сенімді серігі болған ұсталық шеберханасының құрал-жабдықтарына алма-кезек көз жүгіртіп, қадалады да қалады. Мұнда не жоқ дейсіз? Ұстаның көрігінен бастап, неше түрлі балғаларының, темір кескіштерінің санының өзі біршама. Одан басқа да құрал-саймандарының өзі біраз әңгімелеуді қажет етеді. Темір жонатын токарлық станогының өзі де сол қалпында тұр.

(Жалғасыгазетіміздің келесі санында)



● АКТИВНОЕ ДОЛГОЛЕТИЕ

## «С ПЕСНЕЙ ПО ЖИЗНИ: СЕЛЬСКОМУ АНСАМБЛЮ ВЕТЕРАНОВ - 17 ЛЕТ»

Недавно в Доме культуры села Аксай (бывший Междуреченск) прошёл отчетный концерт, приуроченный 17-летию местного ансамбля ардагеров. Его основательница Бижамал Байбосынова, выйдя на сцену, не наигранно рассказала зрителю историю создания коллектива. За её плечами были годы работы бухгалтером, налоговиком, секретарем, главным специалистом, заместителем акима села. Будучи на пенсии несколько лет была руководителем детского дворового клуба.

И вот - новый вызов. В 2009 году, накануне праздника Наурыз, Бижамал Касымбековна поделилась идеей «А почему бы нам не организовать свой доморощенный ансамбль ажелер? Чем мы хуже соседнего села Байкент, где такой уже есть?».

Тогдашний аким посёлка Куат Базарбаев поддержал инициативу и помог найти спонсоров для пошива казахских национальных костюмов. А головной убор - кимешек - женщины шили сами. Так родилась группа - септет (7 человек) ажелер впервые вышедших на сцену в селе Междуреченское на празднике Наурыз. Это были: Байбосынова Бижамал Касымбековна, Оразмуратов Сауле Кыдырмуратовна, Садуақасова Пахтыгуль Карибаевна, Есжанова Куляйша Халилаевна, Мукашева Сания Марленовна, Каирова Рыскуль Жанжигитовна, руководитель ансамбля «Мәдениет майталманы» Жарылқасенова Зауре Кайыпбековна, а также единственный мужчина - аккомпаниатор ансамбля Жарылқасенов Намазбай Байбалаевич.

Собеседники с улыбкой вспоминают: «Нас тогда односельчане в новых одеяниях не узнали. Так это было неожиданно».

Многие задаются вопросом: «А



почему отмечаете именно 17 лет? А, скажем, не 20 лет?» На это у организаторов есть отсылка к мудрой казахской поговорке: «Бүгін бармыз, ертең жоқыз». За годы творческой деятельности ушли их жизни члены ансамбля: Абишева Карлыгаш Баркынқызы, Бейсенбиева Куттыбала Нартбекқызы, Молотова Мейржан Молотовна, Отарбаева Накип Абдыкеримқызы, Баген Ахметхан. Светлая им память, жандары жәннәтта болсын. Поэтому 17 лет это для людей солидного возраста тоже своего рода юбилей. Самой молодой участнице ансамбля - 61 год. А «самых почётных» двое - Бижамал Касымбековна и Конырбаев Байузақ. Оба они приближаются к 80 годам!

В 2014 году отмечается небывалая активность мужчин. При Доме куль-

туры, по многочисленным просьбам жителей, создаётся ансамбль «Өнерлі аталар». Руководитель ансамбля - Жарылқасенов Намазбай Байбалаевич. В составе: Муптильда Асан Искакович, Утешинов Жанузақ Кулатаевич, Баген Ахметхан, Жамалиев Сайраш, Конырбаев Байузақ Сламович, Баймурзаев Кудайберген.

В 2016 году на областном творческом конкурсе среди ветеранов Жамалиев Сайраш занял призовое место.

В настоящее время в составе объединённого ансамбля - 15 талантливых аташек и апашек. Коллектив активно участвует во всех мероприятиях, проводимых в Доме культуры, достойно выступает на межрайонных конкурсах и занимает призовые места.

● РУХАНИ МҰРА

Шонжы ауылындағы аудандық кітапханада «23 сәуір –Ұлттық кітап және кітапханашылар күніне» орай «Кітапхана тарихындағы есім» атты іс-шара аталып өтті.

## ЕҢБЕКТЕРІ ЕЛЕНДІ

Іс-шараны аудандық кітапхана басшысы, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі мүшесі Аида Тұрсынова ұйымдастырды. Аталған іс-шараға қатысқан аудан әкімінің орынбасары Е. Толымбекұлы алғаш болып сөз алып, жиналғандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, одан соң аудандағы алдыңғы қатардағы кітапханашыларды марапаттады.

Аудандық кітапхана басшысы Аида Тұрсынова Алматы облысының әкімі М.Сұлтанғазиевтың «Құрмет грамотасымен», Сүмбе ауылдық округі кітапханашысы Гүлнар Асанбаева «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төс белгісімен, Тиірмен ауылдық округі кітапханашысы Жазира Бақаева «Аманат» партиясы Алматы облыстық филиалының, «Алғыс хатымен», Бахар ауылдық округі кітапханашысы Нұрсұлу Хабдулғазикқызы Алматы облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Бұдан соң аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Ербол Нұрсейітов және «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі мүшесі, ардагер ұстаз Р.Сарғолова сөз алып, кітапханашыларды құттықтап, ыстық ықылас-пейілдерін білдірді. «Орамал тон болмайды, жол болады» дегендей, кітапханашыларға жаулық жабылды. Аудандық білім бөлім басшысы Жанарбек Жақсылық пен аудандық кітапхана басшысы Аида Тұрсынова «Меморан-



думға» қол қойды. «Арзу» ансамблі әншілері және аудандық мәдениет қызметкерлері өз өнерлерін паш етті.

Іс-шара барысында «Кітап әлеміне саяхат» тақырыбында қызықты сұрақтар қойылып, «Айналымды шаңырақ», «Авторын тап» тақырыбында интеллектуалдық ойындар өткізіліп, әр қатысушы өз біліміне сай сыйлықтар алды. Іс-шара соңында оқушылар ән-билерін тарту етіп, өнер көрсетті.

Іс-шара соңында кітапханашы Ж.Бақаева «Кітапхана» туралы өз шығармасын оқыса, Добын ауылдық округі кітапханасының тұрақты оқырманы И.Йолдашева «Кітапхана» әнін айтты.

Іс-шара өте жоғары деңгейде аталып өтіп, қуанышқа бөледі.

**Н. БАЙСЕРКЕЕВА,**  
аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

● КЕЗДЕСУ

## ӘСЕРЛІ ӨТТІ

«Кітап күніне» орай Талғар ауданы Кіші Байсерке ауылында шара болып өтті.

Осы ауылдағы орта мектептің басшысы Динара Салимжанованың ұйымдастыруымен Талғар ауданының Құрметті азаматы, халықаралық жазушылар одағының мүшесі, ҚР Энциклопедиялық «Алтын кітабы» иегері, ақын, төрт кітаптың авторы, тіл жаңашыры Бексұлтан Көлбаевтың «Тіл тірегі, тіл жүрегі ұлтымның» атты оқушылармен үлкен кездесу кеші өтті.



Кеш өте әсерлі болды. Оқушылардың қойған әр түрлі сұрақтарына ағай ризашылықпен қарап, жақсы жауап берді. Кеш соңында келген қонақ өзінің батасын берді.

Өз тілшіміз.



Тажке директор Илийского районного Дома культуры им. Нургисы Тлендиева Ахметбаева Карлыгаш Улановна вручила благодарственные письма каждому исполнителю ансамбля, отметив, что сегодняшний отчетный концерт прошёл на высоком уровне.

После мероприятия на чаепитии, организованном сельскими предпринимателями в кафе Санжар, своими мнениями поделились: председатель организации предпринимателей Аксайского сельского округа Тен Тамара, предпринимательница Орал Жакипова, аскаалы села - Совет Жармаганбетов, Бакир Нурсейитов и другие, давшие высокую оценку отчетному концерту, пожелавшие коллективу дальнейших творческих вершин.

Пользуясь случаем, Бижамал Касымбековна выразила через СМИ благодарность спонсором оказавшим финансовую поддержку в приобретении сценических костюмов для ансамбля ветеранов «Аксай». А также поблагодарила всех принявших участие в подготовке к гала-концерту: жителей села, коллектив ансамбля ветеранов и директора сельского Дома культуры Оралхан Оспанову.

**Рамазан ЕЛЕШЕВ.**  
Село Аксай,  
Илийский район

● ЕСКЕ АЛУ

## КҮРЕС АРДАГЕРІ ҚҰРМЕТІНЕ ОРАЙ

Талғар ауданының грек-рим күресінің негізін қалаушы, Талғар ауданының Құрметті азаматы Никифоров Анатолий Федоровичты еске алуға арналған грек-рим күресінен 2011–2013 жылы туған кіші жасөспірімдер арасындағы республикалық ашық турнирдің салтанатты ашылу рәсімі таяуда жоғары деңгейде өтті.



Аталған жарыс – жас балуандардың шеберлігін шыңдап, тәжірибе алмасуына мүмкіндік беретін маңызды спорттық шаралардың бірі. Турнирдің басты мақсаты – өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттау, грек-рим күресін дамыту және жас спортшылардың шеберлігін арттыру.

Салтанатты ашылу рәсіміне құрметті қонақтар, ардагер спортшылар, жаттықтырушылар мен қатысушылар жиналып, жарысқа қатысушы жас балуандарға сәттілік тіледі. Өз кезегінде ұйымдастырушылар турнирдің жоғары деңгейде өтуіне барынша жағдай жасалғанын атап өтті.

Бұл турнир – тек спорттық дода ғана емес, сонымен қатар ұлы тұлғаның еңбегін ұлықтап, оның ізін жалғаушы жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды алаңы. Жарыс барысында қатысушылар өзара бақ сынасып, үздіктер анықталатын болады.

Өз тілшімізден.



● ЗАҢ МЕН ТӘРТП

## Жастар форумы өтті

Жақында Кеген ауданында «Заң мен тәртіп» атты жастар форумы аясында жас ұрпақтың қауіпсіздігі, денсаулығы және жарқын болашағына бағытталған кездесу өтті.

Форум жастардың саналы көзқарасын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды.

Жиын барысында қатысушылар өз ойларын ашық білдіріп, көкейдегі сұрақтарын қойып, ортақ мәселелердің шешу жолдарын бірге қарастырды.

Жастардың белсенділігі мен азаматтық

ұстанымы қоғамдағы оң өзгерістердің басты қозғаушы күші екені ерекше атап өтілді.

Форум аясында «Нашақорлыққа қарсы» арнайы бейнеролик көрсетіліп, оның зияны мен алдын алу жолдары кеңінен түсіндірілді.

Шарада Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, Алматы облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Мәди Ахметов, «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты Алматы облыстық филиалының төрағасы Әділет Айтқазы сөз сөйлеп, жастарға бағыт-бағдар беріп, өз ойларымен бөлісті.

Өз тілшімізден.

● БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Қазақстан халқының Бірлігі күні қарсаңында Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен қалалық әкімдіктің қолдауымен бильярдтан ашық турнир болып өтіп, оған алпыс жастан асқан 28 ардагер қатысты.



## БИЛЬЯРДТАН ЖАРЫС ӨТТІ

Турнирдің мақсаты-салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау, ардагерлердің абыройын асқақтату, жастарға үлгі көрсету және бұқаралық спортты дамыту.

Іс-шараны Қонаев қалалық әкімдігі денешынықтыру және спортты дамыту орталығының директоры Асқат Дәулетжанұлы мен қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев құттықтау сөзбен ашып, жарысқа қатысушыларға ізгі тілектерін білдірді.

Жарысқа қатысушылар 60-70 жас аралығы және 70 жастан асқандар болып екі

топқа бөлініп, 8 бильярд үстелінде жарыс көрігін қыздырса, оларға Мұрат Жазиев әділ төрешілік етті.

Өте тартысты өткен турнир қорытындысы бойынша бірінші орынды Алматы облыстық Ауған соғысы ардагерлері одағының төрағасы Қанат Молдабергенов, екінші орынды Еркін Жақсатыев, үшінші орынды Евгений Ким иеленді. Турнир жеңімпаздары арнайы кубокпен, дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.

Өз тілшіміз.

● ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

## Әншіге құрмет көрсетілді

Аудандық мәдениет үйінде театрдың көркемдік жетекшісі Мақсат Мажитұлы Бөтеев өзінің 50 жасқа толуына шығармашылық есебін берді.

Өмірінің 30 жылын сахна төрінде өнерімен көзге түскен әнші, баяншы, домбырашы Мақсат Мажитұлы шығармашылық кешінде орындап жүрген әндерін айтты. Кеште аудан әкімінің орынбасары Қабылбеков Кеңес әншінің

омырауына «Ауданға еңбегі сіңгені» үшін төс белгісін табыс етті. Сондай-ақ театр ардагері Нағима Таласбаева, аудандық мәслихат депутаты Мәсімбаев Біләл, құрдасы, әрі сыныптасы белгілі ақын Алматы Исаділ және Құсайынов Сабазжан, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Көнеева Бақытгүл құттықтау сөз сөйлеп, шығармашылық табыс тіледі.

Өз тілшімізден.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

### Балалар ұйымдасқан ұжымдарында аскаридоздан қалай қорғауға болады?

Аскаридоз — балалар арасында ең жиі кездесетін гельминтоздардың (құрт ауруларының) бірі. Мектептер мен балабақшалар сияқты ұйымдасқан ұжымдарда балалардың бір-бірімен тығыз байланыста болуы жұқпаның таралу қаупін арттырады. Сондықтан, ұжым ішіндегі алдын алу шаралары өте маңызды.

Аскаридоз дегеніміз не?

Ауруды ішек аскаридасы (*Ascaris lumbricoides*) деп аталатын жұмыртқартуды тудырады. Жұқпа көзі — ауру адам. Құрт жұмыртқалары топырақта пісіп-жетіледі және адам ағзасына ауыз арқылы (кір қол, жуылмаған жеміс-жидек, лас су арқылы) енеді.

Ұйымдасқан ұжымдардағы негізгі қорғанғыш шаралары  
1. Жеке гигиена мәдениетін қалыптастыру  
Балаларға қол жуудың маңыздылығын жалықпай түсіндіру қажет. Бұл — аскаридоздан қорғанудың алтын ережесі.

• Тамақтанар алдында, дәретханадан кейін және далада серуендеп келген соң қолды сабынмен мұқият жуу.

• Балалардың тырнақтарын қысқа алып, таза ұстау (тырнақ астына құрт жұмыртқалары тез жиналады).

• Ауызға саусақ салу немесе қаламсапты тістеу әдетінен арылту.

2. Тамақтану блогындағы бақылау

• Балабақша мен мектеп асханаларында шікі көкөністерді, жемістер мен жидектерді пайдалану алдында ағынды сумен мұқият жуып, үстіне қайнаған су құю (термиялық өңдеу).

• Тек қайнатылған немесе бөтелкедегі таза суды пайдалану.

3. Ойын алаңдары мен аумақтың тазалығы  
• Балалар ойнайтын құмсалғыштарды (песочница) үнемі жауып қою керек. Бұл жануарлардың (ит, мысық) құмды ластауына жол бермейді.

• Құмсалғыштағы құмды жылына кемінде бір рет ауыстыру немесе оны күн сәулесі жақсы түсетін жерге орналастыру (ультрақұлгін сәулелер құрт жұмыртқаларын жояды).

4. Санитарлық-дезинфекциялық жұмыстар

• Ойыншықтарды күн сайын жуу және дезинфекциялау.

• Ғимарат ішінде ылғалды жинау жұмыстарын жүргізу.

• Шыбындармен күресу (шыбындар құрт жұмыртқаларын тағамға тасымалдайды).

Тексеру және бақылау  
Балалар ұжымдарында жылына бір рет жоспарлы түрде гельминттерге (нәжіс анализі) тексеру жүргізілуі тиіс. Егер ұжымда бір баладан аскаридоз анықталса:

1. Барлық байланыста болған балалар мен қызметкерлер тексеруден өтеді.

2. Науқас бала толық емделіп, нәтижесі теріс болғанша ұжымнан уақытша шеттетіледі.

Есіңізде болсын!

Аскаридоз тек ішек жұмысын бұзып қана қоймайды, ол баланың иммунитетін төмендетіп, аллергиялық реакциялар тудырады және физикалық дамуын тежейді. Сондықтан, «тазалық — саулық кепілі» деген қағиданы ұстану әрбір тәрбиеші мен мұғалімнің, сондай-ақ ата-ананың міндеті.

Аурудың алдын алу — баланың денсаулығын сақтаудың ең тиімді жолы!

### Зиянды өндірістік факторлар: денсаулық пен қауіпсіздік кепілі

Қазіргі индустрия дамыған заманда өндіріс орындары экономиканың негізгі тіректерінің бірі болып табылады. Алайда өндірістік үдерістердің қарқынды жүруі жұмысшылардың денсаулығына кері әсер ететін түрлі зиянды факторлардың туындауына себеп болады. Сондықтан зиянды өндірістік факторларды анықтау, оларды азайту және алдын алу — еңбек қауіпсіздігінің басты міндеттерінің бірі.

Зиянды өндірістік факторлар — бұл жұмыс орнында қызметкердің денсаулығына кері әсер ететін, кәсіби аурулардың пайда болуына немесе еңбекке қабілеттіліктің төмендеуіне әкелетін жағдайлар. Олар физикалық, химиялық, биологиялық және психофизиологиялық болып бірнеше топқа бөлінеді.

Физикалық факторлар

Өндірісте жиі кездесетін физикалық факторларға шу, дiрiл, жоғары немесе төмен температура, радиация, жарықтың жеткіліксіздігі жатады. Мысалы, ұзақ уақыт жоғары деңгейдегі шудың әсерінде жұмыс істеу есту қабілетінің нашарлауына әкелуі мүмкін.

Химиялық факторлар

Өндірісте жиі кездесетін химиялық заттар — газдар, булар, шаң-тозаңдар адам ағзасына тыныс алу немесе тері арқылы енеді. Бұл заттар улануға, аллергиялық реакцияларға және созылмалы ауруларға себеп болуы мүмкін.

Биологиялық факторлар

Кейбір өндіріс салаларында микроағзалар, вирустар немесе бактериялармен байланыс орын алады. Бұл әсіресе медицина, ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібінде жиі кездеседі.

Психофизиологиялық факторлар

Жұмыс барысында шамадан тыс жүктеме, күйзеліс, бірсарынды әрекеттер немесе ұзақ уақыттық концентрация да адам денсаулығына әсер етеді. Мұндай факторлар жүйке жүйесінің шаршауына және кәсіби күйіп кетуге әкелуі мүмкін.

Алдын алу шаралары

Зиянды өндірістік факторлардың әсерін азайту үшін келесі шаралар маңызды:

— еңбек жағдайларын жақсарту;

— жеке қорғанғыс құралдарын пайдалану (маска, қолғап, арнайы киім);

— жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру; — қызметкерлерді тұрақты медициналық тексеруден өткізу; — қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту.

Зиянды өндірістік факторлар — кез келген өндіріс орнының ажырамас бөлігі. Алайда оларды дұрыс басқару және алдын алу шараларын сақтау арқылы жұмысшылардың денсаулығын қорғауға болады. Қауіпсіз еңбек — сапалы өмірдің кепілі.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

<p><b>АЛАТАУ Ардагері</b></p> <p>Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады</p> <p><b>ҚҰРЫЛТАЙШЫ:</b> «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы <b>Директор:</b> Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ</p>	<p><b>БАС РЕДАКТОР:</b> Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310</p> <p><b>ТІЛШІЛЕР:</b> Алтынбай Сиқымбек Тел.: 8 705 965 3661</p> <p>Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p> <p>«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.</p> <p>Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады</p> <p>Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.</p> <p>Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.</p> <p><b>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:</b> Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500 Тапсырыс №916 Индексі – 65472.</p>
--	---	--	--